

Монополиялы жоғары және монополиялы төмен бағаны айқындау жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 301 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 14 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3837. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 245 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 245 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж ә н е с а у д а м и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 6 қ ы р к ү й е к т е г і
N 2 4 5 б ұ й р ы ғ ы н а
қ о с ы м ш а*

*Қазақстан Республикасы индустрия және сауда
министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының
тізбесі*

1. "Монополиялық жоғары және монополиялық төмен бағаны айқындау жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Индустрия және сауда министрінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 301 бұйрығы ("Юридическая газета" газетінде жарияланған, 2005 ж., N 193 (927) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3837 нөмірімен тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің жаршысында басылған, 2005 ж., N 19, 170-құжат)...

"Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2003-2006 жылға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылдың 5 қыркүйегіндегі N 903 қаулысына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Монополиялы жоғары және монополиялы төмен бағаны айқындау жөніндегі ереже бекітілсін.

2. Аппарат - Әкімшілік-құқықтық жұмыстар департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Бірінші вице-министр И.Кравченкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

Орынбасары - Министр
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер-Министрінің Орынбасары -
Индустрия және сауда Министрінің
2005 жылғы 14 қыркүйектегі
N 301 бұйрығымен бекітілген

Монополиялы жоғары және монополиялы төмен бағаны айқындау жөніндегі ереже

1. Жалпы ережелер

1. Монополиялы жоғары және монополиялы төмен бағаны айқындау жөніндегі ереже (бұдан әрі - Ереже) "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1212 қаулысымен бекітілген тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері тауарларының (жұмыстарының, қызметтер көрсетуінің) бағаларын мемлекеттік реттеуді енгізу ережесі және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі Төрағасының 1999 жылдың 25 тамызындағы N 61-НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындардың жүзеге асыратын қызметтеріне бағаларды реттеу ережесі (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 930 тіркелген), сондай-ақ Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдері негізінде әзірленді.

Осы Ереженің мақсаты белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілері (бұдан әрі - доминант) белгілейтін монополиялы жоғары және монополиялы төмен бағаны айқындау болып табылады.

2. Негізгі ұғымдар

2. Осы ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) монополистік қызмет - рынок субъектілерінің, мемлекеттік органдардың бәсекеге жол бермеуге, оны шектеуге немесе жоюға бағытталған және (немесе) тұтынушылардың заңды мүдделеріне қысым жасайтын осы Заңға қайшы іс - әрекеттері ;

2) монополиялы жоғары баға - доминант негізделмеген шығындарды өтеу және (немесе) үстем (монополиялық) жағдайды асыра қолдану нәтижесінде қосымша табыс алу мақсатында белгілейтін баға;

3) монополиялы төмен баға - доминант тауар рыногынан бәсекелестерді ығыстыру жолымен бәсекелестікті шектеу мақсатында саналы түрде белгілейтін тауар бағасы ;

4) монополиялық табыс - рынок субъектісінің монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алған табысы ;

5) монопсония - бір ғана сатып алушы тауарға сұраныс ұсыну кезіндегі рыноктың жай-күйі, ал ұсыныс сатушылардың көптігімен қалыптасады, тұтынушы бағасын қалыптастыруда олардың бірде біреуі әсерлі ықпал ете аламыды .

6) монопсониялық төмен баға - тұтынушыға (сатып алушыға) қажетті тауар сататын (өндіретін) рынок субъектілері есебінен өндірістің өзі шығысын төмендету жолымен үстеме пайданы алу немесе/және негізсіз шығынды өтеу мақсатында доминант белгілеген тауардың монополиялы төмен бағасы;

7) негізделген баға - оның қызметінің монополиялық түрін жүзеге асыру үшін қажетті негізделген пайданы не салалар бойынша қалыптасқан орташа пайданы ескере отырып, оның нақты шығынынан қалыптасқан тауарды монополиялы сататын (өндіретін) доминант бағасы;

8) монополияға қарсы орган - бәсекелестікті қорғау саласындағы мемлекеттік орган ;

9) рынок субъектілері - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіру, өткізу , сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және олардың филиалдары мен өкілдіктері;

10) тауарлар (жұмыстар, қызметтер) - қызметтің сатуға және айырбастауға арналған өнімі (жұмыстарды, қызметтерді қоса алғанда).

3. Монополиялы жоғары және монополиялы төмен бағалардың белгілері

3. Монополиялық төмен бағаларды белгілеуде көрінген рынок субъектісінің монополистік қызметінің белгілері мыналар:

1) өзінің қызметін, тауарын монополиялы сататын рынок субъектісі дәл сол тауар рыногында жүзеге асырылатын, рынок субъектілер өнімдері бағасынан рынок субъектінің монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауардың баға өсімінің асып кетуі;

2) оларға монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауардың өзіндік құнының өсуінен монополиялы сатылатын тауарлар бойынша доминант табысы өсімінің асып кетуі;

3) өнім бірлігінің өндірістік өзіндік құн өсімінен өнім бірлігіне арналған кезең шығыстары өсімінің асып кетуі;

4) монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауарларға сұраныстар бар кезінде кәсіпорынның жобалық қуаттылығымен салыстыру бойынша өндірістік қуаттарды толық көлемде негізсіз пайдалану;

5) тауарды сату (жеткізу), сондай-ақ тұтынушылардың сұраныс (тапсырыстар беру) мүмкіндіктері бар кезінде доминанттың оларды сату (жеткізу) көлемдерін негізсіз қысқартуы немесе оның сатылуын (жеткізуін) тоқтатуы;

6) монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауардың сапасын және басқа да сипаттарын (мысалы өнім бірлігінің салмағы) төмендету жолымен монополиялы сатылатын (өндірілетін, жеткізілетін) тауарға арналған бағаны жасырын жоғарлату;

7) доминанттың іс-әрекеті мыналарға:

доминанттың тұтынушыға тауарды сатуға (өндіруге) арналған шарт мәніне қатысы жоқ қосымша шарттарды күштеп ұсыну байқалатын бағаны жасанды ұлғайтуға;

олардың тауарды сатуға (өндіруге) арналған шартқа монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауарды басқа да тұтынушылармен салыстырғанда белгілі тұтынушыны әркелкі жағдайға алып келетін кемсітушілік шарттарын қосуға;

доминанттың тауарды сатуға (өндіруге) арналған шартты жасауға монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауарға бағалардың ұлғаюына алып келетін оған белгілі шарттар енгізген кезде ғана келісімін білдіруге бағытталған;

8) сатылатын (өндірілетін) тауардың өзіндік құнына тауарды сатумен (шығарумен) байланысты емес шығындарды қосу;

9) сатылатын (өндірілетін) тауардың өзіндік құнының негізсіз өсуі;

10) құны рынок субъектісінің шығынына қосылатын монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауар шығынының озық өсуі;

11) өндірістік персоналдың жалақысының өсу қарқынымен салыстырғанда әкімшілік персоналдың жалақысының өсу қарқынын ұлғайту;

12) кезең шығыстарының өсу қарқынын негізсіз ұлғайту;

13) монополиялы сатылатын тауардың пайдалылық деңгейі пайдалылықтың орташа салалық көрсеткішінен және/немесе басқа рынок субъектісінің соған ұқсас басқа тауардың пайдалылығынан асуы (бұл ретте, егер монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауардың өзіндік құнының құрылымындағы барынша басым салмағын тексерілетін рынок субъектісінің шығынының қандай да бір түрі иеленсе, онда серпіні бойынша шығынның бұл түрін баға монополиялы жоғары мен жоқ па екені туралы айтуға болады).

4. Монополиялы төмен бағаны белгілеуінен көрінген рынок субъектісінің монополистік қызметтерінің белгілері мыналар болып табылады:

1) рынок субъектісінің монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауардың өзіндік құны монополиялы сатылатын (өндірілетін, жеткізілетін) тауарды өткізу бағасынан асуы ;

2) рынок конъюктурасына және өндіріс шығындарының серпіліне негізделмеген белгілі бір уақыт кезеңіндегі тауарға тұрақты (өспелі) сұраныс жағдайындағы пайданы төмендету.

5. Монополиялық төменгі баға белгілеуден көрінген рынок субъектісінің монополистік қызметінің белгілері мыналар болып табылады:

1) өндіріс көлемін қысқарту және сатылатын (өндірілетін) тауарға сұраныс бар кезде сатушылардың (өндірушілердің) қуатын толық пайдаланбау;

2) белгілі бір тауар рыногында тұтынушы (сатып алушы) ретінде үстем жағдайға ие болып отырған рынок субъектісінің тауарларды сатушыға (өндірушіге) орта салалық деңгейде пайда алуды және/немесе өзіндік құнын өтеуді қамтамасыз етпейтін рынокта қалыптасқан баға бойынша сатып алуы;

3) белгілі бір тауар рыногында тұтынушы (сатып алушы) ретінде үстем жағдайға ие болып отырған рынок субъектісінің жеткізушінің (өндірушінің) есебінен өндірістің (сатып алудың) өзіндік шығындарын төмендету жолымен пайданы рынок конъюктурасына негіздемей ұлғайтуы;

4) рыноктан бір немесе одан астам сатушылардың (өндірушілердің) тұтынушының (сатып алушының) олардың қызметінің залалдылығын арандатуының салдарынан кетуі.

4. Монополиялы жоғары және монополиялы төмен бағаларды анықтау

6. Олар белгілеген монополиялы жоғары және монополиялы төмен бағалардан көрінген рынок субъектісінің өзінің үстем (монополиялы) жағдайын асыра пайдалануын айқындау үшін мыналарға:

1) монополияға қарсы заңнамамен белгілеген тәртіпте субъект үстем (монополиялы) жағдайға ие болып отырған тауар рыногына;

2) рынок субъектісі монополиялы сататын (өндіретін) тауарлардың мақсаттылығына (қолданылуына);

3) доминанттың қаржылық жағдайына;
4) өндірістің шығындарын ұлғайтудың (қысқартудың - монополистикалық төменгі бағалар үшін) себептерін анықтау мақсатында рынок субъектісі монополиялы сататын (жеткізетін) тауардың өндірушілік және толық өзіндік құнының серпініне;

5) өнім бірлігінің өндірістік және толық өзіндік құнының серпініне;
6) рынок субъектісінің монополиялы сату (тұтыну) нәтижесінде алған пайдасына;

7) рынок субъектісінің монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауарға бағаларының серпініне;

8) доминант өндіріс (тұтыну) көлемінің серпініне;

9) өндірістік қуаттылықты пайдалануға;

10) шарттарға;

11) өндірістік шығындарға, кезең шығыстарына және пайдаларға;
12) пайданы қолдануға талдау жүргізіледі.

7. Монополиялы жоғары бағаларды анықтау мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауарға бағалардың және өндіріс шығындарының (оның ішінде жеткізумен байланысты шығындарының) өсу серпінін салыстыру. Бұл ретте, монополиялы жоғары бағаларды белгілеуді мыналар растай алады:

2) тауар рыноктарының әртүрлі географиялық шекараларындағы ұқсас тауарға бағалардың деңгейлерін салыстыру. Бұл орайда мыналар ескерілуі мүмкін:

салыстырылатын тауарлар рыногында тауарлар мақсаты және сапасы бойынша салыстырылған ба;

рыноктар көлем, өндіріс (ресурстарға бағалар) және салық салу шарттары бойынша салыстырылған (ұқсас) ба;

салыстырылатын тауар рыноктарында бәсекені дамыту бар ма;
басқа салыстырылатын тауар рыноктарында өндірістік-шаруашылық қызметтің бағаларын немесе басқа параметрлерін реттеу бар ма;

3) тауарды монополиялы сатқан (өндірген) рынок субъектісі пайдасының деңгейін, пайданың мақсаты мен тағайындауын талдау.

8. Монополиялы төмен бағаларды анықтау мыналарды қамтуы мүмкін:

1) монополиялы сатылатын (өндірілетін) тауар өзіндік құнының монополиялы тауардың нақты бағасынан асып кетуін талдау;

2) монополиялы тауарды сатудан (өндіруден) залалдарға әкелмейтін өнім бірлігі бағасының деңгейін айқындау.

9. Монополистикалық төмен бағаларды анықтау мынадай кезеңдерді қамтуы мүмкін:

1) тауар тұтынушысы (сатып алушысы) болып табылатын рынок субъектісінің үстемдік фактісін белгілеу;

2) тұтынушының (сатып алушының) қосымша пайда алуын және (немесе) тауар сатушының (өндірушінің) есебінен негізсіз шығындарды растау;

3) доминанттың тұтынушы (сатып алушы) ретінде тауардың сатып алу бағасын төмендету фактісін белгілеу.

5. Негізделген бағаны айқындау

10. Негізделген баға монополиялы тауарды сатумен (өндірумен) байланысты рынок субъектісінің нақты шығындарынан, оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті (немесе орташа салалық пайда деңгейінде қалыптасқан) негізделген пайданы ескеріп қалыптасады.

11. Рынок субъектісінің нақты шығындары монополиялы тауарды сатумен (өндірумен) тікелей байланысты шығындарды және кезең шығыстарын (салықты және міндетті алымдар мен төлемдерді қоса алғанда) қамтиды.

6. Қорытынды ережелер

12. Монополиялы жоғары (төмен) және монополистикалық төмен бағаларды белгілеген, сондай-ақ монополияға қарсы органға жалған мәлімет берген доминанттар заңнамалық актілерге сәйкес жауапкершілікке тартылады.

13. Монополияға қарсы органның доминанттардың тауарларына монополиялы жоғары, төмен және монополистикалық төмен бағаларды анықтау туралы шешімі сот тәртібінде шағымдалуы мүмкін.